

Бекітілді

№ 69 «Еркін»

балабақшасының меңгерушісі

М. Ахметов

«01»

2023 жыл



**Бракераж комиссиясының 2023-2024 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары.**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Жаңа оқу жылының басталуына ас блогы мен тамақтану залының дайындығы. Ас блогы қызметкерлерінің санитарлық кітапшаларын талдау. Комиссияның жаңа оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту. 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігінің қаулысы бойынша көп балалы отбасылардан шыққан балаларды тегін тамақтандыру	Қыркүйек	Комиссия мүшелері
2	Пісіру технологиясын бақылау, өнімдерді төсеу, ыдыс-аяқтың шығуы.	Күнделікті	Комиссия мүшелері
3	Ас блогының санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау.	Қараша	Балабақша медбикесі
4	Ас блогының жай – күйін кешенді тексеру, тәуліктік сынамалардың болуы, банкалар мен ас үй мүкәммалын (инвентаря) таңбалау	Жылына 3 рет	Балабақша медбикесі
5	Порцияларды өлшеуді бақылау, өнімдерді сақтау ережесі, температуралық режим	Қаңтар	Балабақша медбикесі
6	Пайдаланатын ыдыстың сапасын тексеру.	Күнделікті	Комиссия мүшелері
7	Көкөністер мен жемістерді сақтау. Пісіру алдында жұмыртқаны өңдеу.	Күнделікті	Балабақша медбикесі
8	Асхананың санитарлық-эпидемиялық талаптарға сай болуын қадағалау.	Жылына 3 рет	Комиссия мүшелері
9	2023-2024 оқу жылындағы балабақшадағы тамақтану жағдайы мен сапасын бағалау үшін бракераж комиссиясының жұмысын талдау	Мамыр	Комиссия мүшелері

БРАКЕРАЖДЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

№ 1 Хаттама

Күні: 07.09.2023 жыл

Өткізілген орны: №69 балабақша акт залы

Қатысқандар:

Бракеражный комиссия мүшелері

1. Абдуова Шынар Сайлауовна

2. Джуматаева Жадыра

3. Раимбаева Рахима Ибраимжановна

4. Барменова Гулжан Мукановна

5. Досжанова Алтынай Бахытовна Қатысушылар

1. М.К. Ахметова – балабақша меңгерушісі

2. Г.Ш. Мухажанова – әдіскер

3. К.Б. Алимбекова – инновация әдіскері

4. Б.А. Хамзина – медбике

5. А.С. Кабкенова – диетбике

Шақырылғандар жоқ

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылының басталуына ас блогы мен тамақтану залының дайындығы.

2. Ас блогы қызметкерлерінің санитарлық кітапшаларын талдау.

3. Комиссияның жаңа оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту.

4. 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігінің қаулысы бойынша көп балалы отбасылардан шыққан балаларды тегін тамақтандыру

Тыңдалды:

1. 2023-2024 оқу жылына ас блогы мен тамақтану залын дайын деп есептейміз. Балабақша асханасында ас блогының мен тамақтану залы тамақтану ұсынуға дайын, қанағаттанарлық, дегенмен, кемшіліктер бар: ас блогындағы тақтайлар мен пышақтарға өңдейтін тағам түрлеріне қарай арнаулы белгілер "ШЕ" – шикі ет, "ШБ" – шикі балық, "ПЕ" – пісірілген ет, "ПБ" – пісірілген балық таңбалары қойылған, тамақтану залында ал жапқыштар жаңалануды қажет етеді және үстелдер, орындықтар жеткілікті.
2. 2023 жылдың 30-31 тамыз күндері №69 «Еркем-ай» балабақшасына балалардың бір мезгіл ыстық тамақты қамтамасыз етуін, асхананың санитарлық – гигиеналық жағдайын тексеріп, ҚР Денсаулық Сақтау Министрлігінің 2017ж. 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларының 119 тармағы негізінде тамақтану залының алдын алу мақсатында балалар тағамына қолдануға тыйым салынатын: пастерленген сүт, қаймақ, саңырауқұлақтар, майға қуырылған бәліш, тоқаштар, майонез қосылған салаттар, газды сусындар, чипсы, кептірілген нан т.б. «фаст-фуд» өнімдерін балабақша асханасына мүлде қолданылмайды, қалалық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы мамандарының нұсқаулығы бойынша кейбір сапасы төмен, ақауы бар азықтарды алмастырып, тауарды өндірушіге немесе азық-түлікті жеткізушіге кері қайтару қажеттілігі айтылды. Сондай-ақ қант, тұз т.б. азық – түліктер пластмасса ыдыста тұруға болмайтыны ескертілді. Санитарлық қағидаларының 123 тармағы негізінде бір күндік тамақ сынамасы шыны ыдысқа (гарнирды бөлек ыдысқа тоңазытқышта +2С-тан +6С-қа дейін тәулік бойы сақталатыны (кемінде 24 сағат), ас мәзірінде тамақтың әр түрлі болуы мен дайындалу технологиясын қатаң қадағаланатыны жайлы айтылды.
Бас аспазшы Н.С. Ахметованың санитарлық кітапшасы 02.02.2024 жылға дейін жарамды. Көмекшісі Б.Р. Алимбекованың санитарлық кітапшасы 02.02.2024 жылға дейін жарамды.
3. Комиссияның жаңа оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту.
4. 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігінің қаулысына сүйене отырып балабақшадағы көп балалы отбасылар санатына жататын ата-аналардан құжаттар жиналды.

Шешімі:

1. Жаңа оқу жылының басталуына ас блогы мен тамақтану залының дайындығы толығымен тексеріліп, құжаттарға қол қойылсын.
2. Ас блогы қызметкерлерінің санитарлық кітапшалары қаралып шықсын.
3. Комиссияның жаңа оқу жылына жұмыс жоспары бекітілсін.
4. 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігінің қаулысы бойынша көп балалы отбасылардан шыққан балаларды тегін тамақтандыру бойынша балалардың құжаттары толығымен жиналсын.

Бракеражды комиссия төрағасы



М.К.Ахметова

Бракеражды комиссия хатшысы

Г.Ш.Мухажанова